

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 21 наурыздағы N 246 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 28 мамырдағы N 580 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 24 сәуірдегі № 391 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 24.04.2013 N 391 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 27 маусымдағы N 880 P010880_ қаулысымен бекітілген Мемлекеттік мүлікті басқарудың және жекешелендірудің тиімділігін арттырудың 2001-2002 жылдарға арналған салалық бағдарламасын іске асыру жөніндегі 2001 жылға арналған іс-шаралар жоспарының 1.4-тармағын орындау үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі қ а у л ы е т е д і :

1. "Ақпарат алмасуды қамтамасыз ету және мемлекеттік меншік жөніндегі деректердің ақпараттық базасын жүргізу жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 21 наурыздағы N 246 P980246_ қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1998 ж., N 9, 61-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) мәтіндегі "департаменті", "департаментімен" деген сөздер "комитеті", "комитетімен" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 1-тармақтағы "мемлекет үлестік қатысатын шаруашылық серіктестіктерінің" деген сөздер "жарғылық капиталына мемлекет қатысатын заңды тұлғалардың" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 2-тармақтағы "мекемелерге және мемлекет үлестік қатысатын шаруашылық серіктестіктеріне" деген сөздер "мемлекеттік мекемелерге және жарғылық капиталына мемлекет қатысатын заңды тұлғаларға" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

4) көрсетілген қаулымен бекітілген Мемлекеттік кәсіпорындар мен мекемелердің, мемлекет үлестік қатысатын шаруашылық серіктестіктерінің тізілімі туралы е р е ж е д е :

тақырыптағы және мәтіндегі "мемлекет үлестік қатысатын шаруашылық серіктестіктерінің", "мекемелер және мемлекет үлестік қатысатын шаруашылық серіктестіктері", "мемлекет үлестік қатысатын шаруашылық серіктестіктері", "

мемлекет үлестік қатысатын шаруашылық серіктестіктерін", "мемлекет үлестік қатысатын шаруашылық серіктестіктеріне", "мемлекеттік үлестік қатысатын шаруашылық серіктестігінің" деген сөздер тиісінше "жарғылық капиталына мемлекет қатысатын заңды тұлғалардың", "мемлекеттік мекемелер және жарғылық капиталына мемлекет қатысатын заңды тұлғалар", "жарғылық капиталына мемлекет қатысатын заңды тұлғалар", "жарғылық капиталына мемлекет қатысатын заңды тұлғаларды", "жарғылық капиталына мемлекет қатысатын заңды тұлғаларға" "жарғылық капиталына мемлекет қатысатын заңды тұлғаның" деген сөздермен ауыстырылсын;

2 - т а р м а қ т а :

"департаменті" деген сөз "комитеті" деген сөзбен ауыстырылсын;
"комитеті" деген сөзден кейін "(бұдан әрі - Комитет)" деген сөздермен толықтырылсын;

4 - т а р м а қ т а :

"Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаменті" деген сөздер "Комитет" деген сөзбен ауыстырылсын;

төртінші абзацтағы "бастапқы" деген сөз алынып тасталсын;
мынадай мазмұндағы оныншы абзацпен толықтырылсын:

"оларға ведомстволық бағынысты мемлекеттік кәсіпорындар мен мекемелер, жарғылық капиталына мемлекет қатысатын заңды тұлғалар туралы ақпаратты мемлекеттік органдарға тоқсан сайын береді";

5-1-тармақ алынып тасталсын;

6-тармақ мынадай мазмұндағы екінші абзацпен толықтырылсын:

"мемлекетке тиесілі немесе мемлекеттің оларға қатысты мүліктік құқықтары бар бағалы қағаздарды атаулы ұстау";

"II. Тізілімнің деректерін толтырудың тәртібі" деген бөлім алынып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 12-1, 12-2-тармақтармен толықтырылсын:

"12-1. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі, Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі агенттігі, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (келісім бойынша) Комитет, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Дәрменсіз борышкерлермен жұмыс жөніндегі комитеті Тізілімнің негізгі кіші бөлімін дүркін-дүркін жаңарту үшін деректерді 2-қосымшада көрсетілген көрсеткіштерге сәйкес тізілім ұстаушыға ұсынуы тиіс.

12-2. Министрліктер, ведомстволар, басқа да уәкілетті органдар және өзге де мемлекеттік мекемелер, сондай-ақ мемлекеттік кәсіпорындар мен мемлекеттің акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы жиналысының шешімдерін айқындау құқығы бар заңды тұлғалар тапсырысшы белгілеген нысандар

бойынша және мерзімдерде Тізілімнің қосымша кіші бөлімін толықтыру және дүркін-дүркін жаңарту үшін деректерді ұсынуы тиіс.";

14-тармақтың үшінші абзацындағы "қажетті" деген сөздің алдынан "Тізілімге " деген сөзбен толықтырылсын;

15-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"15. Жарғылық капиталына мемлекет қатысатын заңды тұлға жарғылық капиталының мөлшері өзгерген кезде тіркеуші органға жоғарыда көрсетілген тәртіппен тізілім ұстаушы растаған өтініш беріледі.";

16, 18, 21-тармақтардағы "10 күннің" деген сөздер "5 жұмыс күнінің" деген сөздермен ауыстырылсын;

18-тармақтағы "орындалуының" деген сөзден кейін "не орындалмауының" деген сөздермен толықтырылсын;

19, 20-тармақтардағы "(акционерлік қоғамдардан басқа)" деген сөздер алынып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 21-1, 21-2-тармақтармен толықтырылсын:

"21-1. Өзіне берілген өкілеттіктердің шеңберінде банкроттық рәсімдердің жүргізілуіне, сондай-ақ дәрменсіз борышкерді таратудың соттан тыс рәсінде бақылауды жүзеге асыратын уәкілетті орган мемлекеттік кәсіпорындар мен жарғылық капиталына мемлекет қатысатын заңды тұлғалар таратылған жағдайда , тарату туралы шешім заңды күшіне енген күннен бастап 5 жұмыс күні ішінде тізілім ұстаушыға тарату рәсімінің басталғандығы туралы хабарлауға міндетті.

21-2. Тізілім үшін ақпарат ұсынатын министрліктер, ведомстволар мен басқа да уәкілетті органдар (бұдан әрі - уәкілетті органдар) олардың өзгергендігі туралы ақпарат алған күннен бастап 5 жұмыс күні ішінде Тізілімге енгізілген көрсеткіштердің кез келген өзгерісі туралы тізілім ұстаушыға жазбаша хабарлауға міндетті.";

24-тармақтағы "Тізілімге ақпарат ұсынушы мемлекеттік және басқа да уәкілетті органдардың" деген сөздер "уәкілетті органдардың" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 5-бөліммен және 28-тармақпен толықтырылсын:

"5. Тізілім деректерінің өзектілігін және толықтығын бақылау

28. Уәкілетті органдар тізілім ұстаушының жазбаша сұрауы бойынша Тізілімнің негізгі және қосымша кіші бөлімдерінің көрсеткіштерін өзекті ету және нақтылау үшін сұралатын деректерді ақысыз ұсынуға міндетті.

Тізілім ұстаушы Тізілім деректерінде анықталған алшақтықтар туралы уәкілетті органға хабарлайды, ол ақпарат алған күннен бастап 15 жұмыс күні ішінде деректерді нақтылауға және оларды тізілім ұстаушыға беруге міндетті.";

көрсетілген Ережеге 1-қосымшада:

тақырыптағы "мемлекет қатысатын шаруашылық серіктестіктері" деген

сөздер "жарғылық капиталына мемлекет қатысатын заңды тұлғалар" деген сөздермен ауыстырылсын;

көрсетілген Ережеге 2-қосымшада:

тақырыптағы "Мемлекеттік кәсіпорындар мен мекемелер, мемлекет қатысатын шаруашылық серіктестіктері тізілімінің базалық бөлігін қалыптастыру" деген сөздер "Мемлекеттік кәсіпорындар мен мекемелердің, жарғылық капиталына мемлекет қатысатын заңды тұлғалардың тізілімі" деген сөздермен ауыстырылсын;

"Статистика және талдау жөніндегі комитет" деген сөздер "Статистика жөніндегі агенттік" деген сөздермен ауыстырылсын;

"Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаменті" деген сөздер Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті" деген сөздермен ауыстырылсын;

"Кәсіпорындарды қайта құру және тарату жөніндегі агенттік АҚ" деген сөздер "Мемлекеттік кіріс министрлігінің Дәрменсіз борышкерлермен жұмыс жөніндегі комитеті" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Орталық және жергілікті атқарушы органдар, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (келісім бойынша) Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің қатысуымен өздерінің бұрын қабылдаған нормативтік құқықтық кесімдерін осы қаулыға сәйкес келтірсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Мамандар:

Багарова Ж.А., Қасымбеков Б.А.